

АЙҚЫН

ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ КҮЙІГІ МЕН БИІГІ



...Тоқсан екінші жылдың басында жұмыссыз жүрдім. Қырықтың қырқасына енді шыққан адамға үйде отырып қалу қиын болады екен. Үйде отырсаң – үйге сыйың жоқ. Бала-шағаның алдында да беделің қалмайды. «Мына кісінің баратын жері жоқ па?» деп мүсіркейтіндей.

Көзтүрткі болмайын деп, көшеге шығасың. Қалам ұстайтын кісінің барар жері белгілі – Жазушылар одағы. Өзің сияқты берекесі қашқанның бәрі бір мезгіл одақта бас қосып, уақыт өткізеді. Қолы бос адам өсек айтады, бірін-бірі жамандайды. Әлемдік әдебиеттің мәселелерін шешеді. Одан қол босаса, «отыз екі қағаз, төрт сабаз» деген кәсіп бар. Яғни, Шәйім Шаваев, Қайсар Жорабеков, Ғабиден Құлахметов, Қалаубек Тұрсынқұлов, Ескен Елубаев, Тынымбай Нұрмағанбетов секілді ірілі-ұсақты қаламгерлер преферанс ойнаймыз. Түннің бір уағына дейін керілдесіп жатамыз. Өзің тұрғыластармен шарап ішу

де бір ғанибет. Тегін арақ бар десең, түн ұйқысын төрт бөліп, төсегінен тұрып келетін құрдасым Тұрсын Жұртбаев секілділермен тоқайласа қалсаң, ауруханаға түскенше ішіуге тура келеді. Осындай бір түрі бар, мағынасы жоқ, басы бар, аяғы жоқ сергелдең өмір бастан өтіп жатыр еді...

Одақтың үшінші қабатында досым Несіпбек Айтұлы жолығып қалып:

– Қарамағымдағы әдеби қызметкердің орны бос тұр. Олқысынбасаң, осы жұмысқа тұрсайшы, – деп кеңес берді. Несіпбек «Қазақ әдебиеті» газетінде поэзия бөлімін басқаратын.

– Олқысынып қайтейін. Бірақ Оралхан мені жұмысқа алмайды ғой, – дедім шынымды айтып.

– Неге алмайды?

Несіпбек білмейтін бір жайтты есіме түсірдім. Жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің 50 жылдығы үйінде тойланды. Мерейтой иесімен туыскандық жақындығым бар мен дастарқанның төменгі жағынан, үй иесімен иықтас орын алдым. Төрде өңшең қасқалар, жайсаңдар. Едәуір кешігіп жалғыз келген Оралхан Бөкеев қарсы алдыма жайғасты. Кер-бұғыдай кекірейіп, басын бірер сілкіп алған соң:

– Осы мен сені онша жаратпаймын! – деп, бетіме тесіле қарады. Мүйізі қарағайдай жазушы ағамыздың ай-шай жоқ, төбеден қойып қалғаны жанға батып-ақ кетті. Мені жаратпайтын, сырттай жауығып, өшігіп жүретін үлкенді-кішілі қаламгерлер толып жатыр. Оралханмен арадағы осы эпизодты кейін айтып бергенімде, құрдасым Көпен Әмірбек те:

– Мен де сені кезінде ұнатпаушы едім. Сыртыңнан қарағанда ешкімді менсінбейтін, тәкаппар адам сияқтысың. Сөзің түйеден түскендей. Дүрдиген түрің де жек-сұрын. Араласа келе, соның бәрі сыртқы, алдамшы әсер екенін білдім. Енді сенің жүрегің жұмсақ адам екенінді жұртқа дәлелдеумен шаршап жүрмін, – деп еді.

Ақиқатына келгенде, мінезімнің оңып тұрғаны жоқ. Қасымдағы әйелімнің көзінше әлгіндей сөздерді себепсіз айта салған Оралханға:

– Менің де сені сүйіп бара жатқаным шамалы! – деп дүңк еткіздім. Оралхан сөз қайырған жоқ. Сәлден кейін дастарқан басында үзіліс жарияланды да, келесі отырыста Оралхан өзі қатарлы классиктердің қасына, төрге озып кетті. Күллі қазақ баласы мойындаған, тау тұлғалы жазушы ағамнан жоқ жерден жәбір көріп, көңілім нілдей бұзылған мен орнымда қалдым.

Сөйткен Оралхан Бөкеев енді мені жұмысқа алушы ма еді?!

– Алады! – дейді Несіпбек. – Ол да сен сияқты сырты дүрдигені болмаса, жаны жібектей нәзік адам. Қазір мен кіріп, сен туралы айтып шығайын. Кетіп қалма!

Кетіп қалуға да болушы еді. Жұмыссыздыққа да етім үйрене бастаған. Қыстың ортасы. Үйде соғым сойылған. Әйелім жұмыс істеп, айлық табады. Балаларым стипендия алады. Аштан өліп, көштен қалып бара жатқаным жоқ. Сонда да, бір ерегес ішімде бас көтерді. Кетпейін, Оралханның айтқанын естіп кетейін деп ойладым: ұзыннан өші, қысқадан кегі жоқ, айдаладағы Оралхан Бөкеевтің мені жек көретіні несі?!

Теледидарда бас редактор болып қызмет істеп жүргенімде, журналист Өмірсерік Жұмановты Оралханмен бірге еліне жіберіп, қаламгерді туған үйінде киноға түсірткенім бар еді. Бұл телеочерк қазақ теледидарының қорында сақтаулы, оқта-текте қайталап көрсетіп жатады. Сол Оралханға не жаздым екен?

Бас редактордың кабинетіне сүңгіп кеткен Несіпбек көп кідірген жоқ, аңқылдап қайта шықты:

– Айттым ғой, мен саған! Оралхан келсін деп жатыр. Дүңкілдемей, дұрыс сөйлес, – деп маған білген кеңесін де беріп, сүйрегендей етіп, есіктен кіргізіп жіберіп, өзі тыста қалды. Есіктен кіре берген маған:

– Сен шыныммен бізге жұмысқа тұрғың келе ме? – деді Оралхан.

– Неге тұрмауым керек? – дедім қитығып. Оралхан екі сөзге келген жоқ:

– Мына жерге отыр да, поэзия бөліміне әдеби қызметкер боламын деп арыз жаз, – деді. Жаздым.

– Қазірден бастап жұмысқа қабылдандым деп есепте. Іске сәт! – деді Орекең.

Баяғы кикілжің әрі қарай жалғаса ма деп едім, ол да сөз қозғамады. Мен де үндемедім.

Бұл «Қазақ әдебиеті» деген кісіні жалқау ететін жер екен. Келгің келген уақытта жұмысқа келесің. Кеткің келген уақытта кетесің. Өзіңе тапсырған жұмыс көлемін орындап, апталық лездемеде төбе көрсетіп отырсаң болды. Қызметкерлер сайдың тасындай: Оралханның орынбасарлары Тұтқабай Иманбеков пен Жүсіпбек Қорғасбеков, жауапты хатшы Қайырбек Асанов, бөлім меңгерушілері: Иранбек Оразбаев, Несіпбек Айтөв, Жанабек Шағатай тәрізді өңкей дарынды жігіттер.

Арада апта өтер-өтпесте, түскі үзіліс уақытында, өз бөлмеде әлдебір қағаздарды қарап отыр едім, Оралхан кіріп келді.

– Сен бұл жерде неғып отырсың?

Сұрақты онша ұғынбай қалғанымды аңтарылған түрімнен аңғарды-ау деймін:

– Анау төрдегі үстелдің басында неге отырмайсың? – деп сұрады.

– Ол екі үстелдің басында екі бөлім меңгерушісі – Несіпбек Айтөв пен Иранбек Оразбаев отырады. Мен әдеби қызметкермін ғой. Орным – осы.

– Маған жүрші! – деп Орекең кері бұрылды. Соңынан еріп кабинетіне келдік. Оны-мұныны сөз етіп біраз отырды да:

– Сен баяғы сөзімді көңіліңе алып жүрсің бе? Мен өзім сондай қасқамын. Айта салам да, өзім азап шегіп жүремін. Жарайды енді... Саған арнап «Өнер» деген бөлім ашайын. Бастығы да, қызметкері де өзің бол. Бөлек кабинетте отыр. Редакция алқасына мүше боласың, – деді.

Айтты – көңіл тазарды. Осы күннен бастап Оралхан аға екеуміздің арамыз жақындай бастады. Шақырып алып, кеңес сұрайтын болды. Жауапты жұмыстарды тапсыратын болды. Редакцияның бөлмелерінде анда-санда өтіп тұратын «шай ішулер» кезінде бұл кісінің жаны жайсаң, жүрегі жомарт адам екенін анық тани бастадым. Осындай басқосуларда сұлу даусымен өлең оқиды екен. Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» әңгімесін жатқа оқығаны қандай ғажап!

– Әй, өзі де Шұға десе шұға еді-ау! – деп өкініп бір тоқтағанда, бәріміз де қобалжып, орнымызда омалып отырып қалушы едік. Дүрдиген сырты болмаса, Оралханның ішінде жап-жарық шырақ жанып тұрушы еді.

Бас-аяғы екі-үш айдың ішінде тонның ішкі бауындай болып, жақын араласып кеттік. Екі үйден кезек шай ішетін болдық. Бірге жолсапарларға шықтық. Ағадырдағы Ағыбай батырдың тойына, Талдықорғандағы Ғали Ормановтың тойына, Жезқазғандағы Аппаз Қаражігітовтің тойына бірге барған кездер күні бүгінгідей есімде. Жезқазғанға Қайырбек Асанов екеуі аттанбақшы еді, жеме-жемге келгенде маған да «барасың» деді. –

Бас редактор барған жерге біздің қосарланып барғанымыз ретсіз шығар, – деп шегіншектеп едім:

– Қамшының сабындай қысқа ғұмыр ғой. Бірге жүре тұрайық та, – деп мұңая сөйлегенін ұмыта алмай жүрмін. Бұл кезде Оралханның демі бітуіне екі-үш ай ғана қалған екен ғой.

Қарт жазушымыз Аппаз Қаражігітов Қайырбекке қасқыр ішік кигізді де, Оралхан екеумізге кәрістердің екі радиоқабылдағышын сыйлады. Ұшақтан түсіп, үйге барып, шай ішіп отырғаным сол еді, Орекең телефон шалды:

– Ей, менің радиомның сағаты бар екен, – деп балаша қуанып тұр екен. – Сенің радионда сағат бар ма?

– Бізде де бар шығар, Ореке. Кәріс ағайындардың бір қалыптан шығып жатқан арзан радиосы ғой! – Сен әлі ашып көрмеген екенсің ғой.

Әрине, буржуйларға дүние таңсық емес. Біз классик болсақ та қатарға қосыла алмай келеміз...

Орекең Жазушылар одағы берген екі бөлмелі тар пәтерде тұрды. Сонысы өзіне қатты бататын.

– Айханым мен Айжаным өсіп келеді. Мына қуықтай екі бөлмеге сыймайтын түріміз бар, – деп уайымдайтын.

Кеңес өкіметі тарап, дүние астан-кестең болып жатқан алакөбең шақ. Жаңадан шыққан байлардың алдына тұрып болмайды. Оралханның да, менің де тұрмысымызды түзегіміз келеді. Қол қысқа. Көбіне біздің үйде шай ішіп отырып, түрлі жоспарлар жасаймыз. Алдында ғана «Ауылдағы қазақ қаламгерлерінің ұйым серіктестігі («АҚҚҰС») деген қауымдастық құрылып, Оралхан – президент, мен – вице-президент болып сайланғам. Айтпақшы, менің бұл жұмысқа жегілуім де кездейсоқ жүзеге асып еді.

Бір күні қауымдастықтың құрылтайы алдында Орекең шақырып алып:

– Тұтқабай Иманбеков вице-президент болады. Сен соның орнына бас редактордың орынбасары боласың, – деген шешімін жариялады. Өзімізбен жақсы араласып-құраласып, сыйласып жүретін Тұтқабай ағамыз жеме-жемге келгенде «АҚҚҰС»-қа барғысы келмеді.

– Мені қызметтен шеттетіп жатырсыңдар, – деген өкпесін айтты. Осыдан кейін Орекең «АҚҚҰС»-қа мені сайлатты. Кейін «АҚҚҰС»-тың әжептәуір ауқатты ұйымға айналғанын көрген Тұтқабай ағамыздың шынымен өкінген шақтарына да куә болдық.

Сонымен, Орекең екеуміз «АҚҚҰС» арқылы шаруа жүргізуге талпындық. Темірше Сарыбаевты Ақсуға жұмсап, сондағы ақын Жамау Бұқарбаев арқылы бір машина қаптаулы қант алғызып, оның жартысын Көкшетаудағы әкім досым Құрманхан Бұқарбайұлына жөнелтіп, ол жақтан бір КамАЗ картоп алдырып дегендей...

Екі Бұқарбайұлының еңбегі еш болды: Арқадан көктем шыға алдырған таңдаулы картопты қалай сатудың ретін білмей «Алматыэнергосеть» деген ұйымдағы біреуге түсіріп беріп едік, ол ақшамызды бермей сырғақсытып жүрді де, бір күні өзін машина басып кетті.

– Қант, картоп операциясы осымен бітті, – деді Орекең ызаланып. – Енді темекі операциясын бастаймыз.

Сөйтсек, Орекең бір отырыста Алматы темекі фабрикасының директоры Қадыр деген жігітпен танысқан екен. Қазіргідей Куба сигаралары мен Англия сигареталары тіреліп тұрған заман емес. «Қазақстан» сигаретінің көзден бұл-бұл ұшқан кезі.

– Әлгі директордан сұхбат алып кел. Газетке жедел жариялаймыз. Осыны пайдаланып, бір миллион қорап «Қазақстан» сигаретін отыз тиыннан сатып аламыз да, үш сомнан сатамыз. «АҚҚҰС» ақшаның астында қалады, – деп қуанып отыр екен.

Фабрикаға барып, сұхбатты да даярладым. Бір миллион қорап сигаретті де алуға келісім жасадым. Баюдың аз-ақ алдында тұр едік...

– Мені атып тастайтын адам жоқ! – деп Орекең аяқастынан шала бүлінді. – Кеше Дулаттың үйінде қонақта болып... Балконда темекі тартып тұрып, енді темекі сатып байитынымызды айтып мақтанып қойыппын.

– Е, Дулат өзіңіздің досыңыз, «жеті жетімнің» бірі емес пе?

– Дулат әлгі темекі фабрикасының директорымен бажа екен. Біздің достығымыздың жазылмаған заңы бойынша бірімізден-біріміз озып кетуге болмайды. Енді қара да тұр, Дулат әлгі темекіні бізге бергізбей қояды!

Рас екен. Әлгі миллион қорап темекіні біз фабрикадан шығарып алуға тиіс күні де, одан кейін де директор Оралхан екеумізді маңына жолатпай қойды. «Темекі» операциясы да күйреп тынды. Артылып қалған қантты Орекең қайтыс болысымен, үйіне беріп жібергенім есімде. Айтпақшы, Дүкеңнің бажасынан сұхбат алуға барғанымда, Орекең екеумізге мың қорап қара сүзгілі «Қазақстан» сигаретін сыйлаған. Оралхан аға қайтыс болған күндері сол қара сүзгісі бар сигаретті көзімізден жас аққанша құныға сорып жүрдік қой.

1968 жылы біз оқуға келіп түскенде, «Лениншіл жас» газетінде әдебиет бөлімін басқаратын Оралхан Бөкеевтің әдеби даңқы дәуірлеп тұрған болатын. Газеттің бірнеше нөміріне шығатын әңгімелерінің жалғасын оқу үшін ертемен газет дүңгіршектерінің алдын күтуші едік. Сол романтикалық әңгімелер бізге өлең сөздей, тіпті әсем әндей көрінетін. Ұзын, қою қара шашы желкесін жапқан жас жазушының шығармашылық

бақытына қызыға да, қызғана да қарайтынбыз. Кейін ешкімге ұқсамайтын хикаяттарымен өзін әбден мойындатқан жазушымен аз уақыт та болса қанаттас өмір сүргенім – әлі күнге сағынып еске алатын кездерім. Таралымы әбден құлдырап кеткен «Қазақ әдебиетін» насихаттау үшін 1992 жылдың соңында ақындар айтысын өткізіп, тізе қосқан шақта оның қандай күрескер екеніне көзім жетті. Айтыскер ақындар мен термеші-жыршылардың республикалық қауымдастығын бірге құрдық. Дәл осы еңбегі үшін кейін Оралхан Бөкейдің құрметіне үш рет ақындар айтысын өткізуге тура келді. Қаратай елінің ортасында өткен осы жыр сайысында ақын іні-қарындастары Орекеңнің асқақ бейнесін өлең сөзбен сомдауға құлшынды. Қара сөзбен жырлайтын қаламгер осы құрметке лайық еді.

1993 жылдың шілде айында Оралхан Бөкеев 50 жасқа толуға тиіс еді. Мамыр айының басында Несіпбек екеумізді оңаша шақырып, кеңес құрды. Туыс-туғанның аздығын, ет-жақындары бірінің соңынан бірі бақилық болғанын айтып, мұңайып отырды. Өз ауылындағы адамдардың қатыгез, тасбауыр болып бара жатқанына мынандай мысал келтірді:

– Шайды балмен ішкенді ұнатам. Шіркін, біздің Алтайдың хош иісті балына ештеңе жетпейді ғой. Елге бір барғанымда ауданның бірінші хатшысына бал құйдырып бер деп өтініш жасадым.

– Қанша бал керек еді?

– 7-8 литрдей болса...

– Ыдысыңды жүргізушіме тапсыр. Ұшаққа сол апарып береді, – деді хатшы.

10 литрлік бір ыдыс сатып алдым да, жүргізушісіне бердім. Сенесіңдер ме, жоқ па – тура 8 литр бал құйып беріпті. Ыдыс 10 литрлік еді ғой. Біздің ауыл осындай! Осы әңгімені айтып ызалана күлген Орекең шілде айының 3-і күні Несіпбек үшеуміздің менің «Жигулиіммен» Қатонқарағайға аттанатынымызды хабарлады.

– Неге менің «Жигулиіммен»?

– Сенің орындыққа жапқан тыстарыңды түнеу күні Бақытжамал Эмираттан алып келген. Сондай ұнайды маған!

Осындай уәжге тоқтайсың ба, тоқтамайсың ба? Сірә, өзінің қызмет бабында мінетін «Волгасын» еліне мініп баруға сақсынса керек.

– Еліңізге достарыңыздан кімді шақырасыз? – деп сұрадық Несіпбек екеуміз.

– Ешкімді де шақырмаймын. Оларды күтетіндей құдіретті туысым жоқ. Аудан басшысының тірлігі әлгі. Елдегі Жұмаділ досым да өзім секілді қу сирақ кедей. Шыңғыстайда бір тайым бар. Соны соямыз. Үшеумізге бір жұма жеуге содан артық не керек? Қатонның ауасының өзі не тұрады! Айтпақшы, қайтарда мен ұшақпен ұшып кетем. Сендер жермен қайтасындар.

– Неге ұшып кетесіз?

– Бір жұма Шыңғыстайда арақ ішкен сендердің иістеріңнен менің басым айналады. Осылайша, жоспары сызылып қойған алдағы сапарға шықпай қаламыз деп кім ойлаған...

Сол 1993 жылдың мамыр айының соңында, Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы Қалдарбек Найманбаев бастаған 15 шақты қаламгер Түркияға сапар шегіп, Мағжан ағамыздың 100 жылдығына арналған шараларға қатыспақшы едік. Сапарды ұйымдастырушылардың бірі ретінде мен де, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы ретінде Оралхан Бөкеев те делегация құрамына енген едік. Сәуір айының соңғы күндерінің бірінде Орекең мені кабинетіне шақырып алды да:

– Түркияға бармайтын болдым. Сен газетке сапарнама жазып келесің, – деді («Мағжанның Түркиясы» деп аталған сапарнама «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды). – Сіз неге бармайтын болдыңыз?

– Үндістанға жүремін, – деді Орекең.

Үндістанның басшысы Алматыға ресми сапармен келгелі жатқан. Соның алдында бір топ қазақ журналистері Үнді еліне барып қайтатын болыпты да, ішіне Оралхан Бөкеев те қосылған екен. Орекеңнен басқасының бәрі – жас қаламгерлер.

– Ылғи бала-шағаның арасында сізге не бар, Ореке? Үндістанға мені жіберіңіз де, өзіңіз Ыстамбұлға барып келіңіз, – дегенім есімде.

– Түркияға барсам, Қалдарбек пен сен берген тиын-тебенді санап жүреді екенмін. Үндістан сапарын үкімет қаржыландырып отыр. Біз де есеп шығара білеміз, шырақ! – деп әзіл-шыны аралас жауап берген Оралхан: – Мен не көрді дейсің? Қырымға барсам емделуге бардым. Переделкинода жазудан қолым босамады. Елбасымен Еуропаға бір барып келгенім болмаса, осындай тегін сапарға бірінші рет шыққалы отырмын ғой. Жас болса, жер ортасы елуге келіп қалды, – деп мұңайды.

Қыс айларының біріндегі кеңесу кезінде:

– Қылшылдаған кезімде өзгелер үшін жұмыс істедім. Енді өзім бас редактор болған кезімде қаңсып қалған басыма идея келер емес, – деп налығаны бар еді. Сол күні профессор Тұрсынбек Кәкішевтің «Астананы Ұлытауға көшірсек қайтеді?» деген мақаласын дайындап әкеліп, оқуға бергенімде айтқан сөзі еді. Мен күмәнданып әкелген сол мақаланы нөмірге салуға пәрмен берген Орекең астананың көшпей қалмайтынын болжап жүр екен ғой.

Орекең Үндістанға 10 мамыр, жаңылмасам, сенбі күні аттанды. Жауапты хатшы Қайырбек Асанов екеуіміз Жазушылар одағына келіп, шығарып салдық. Көлігіне мінгелі тұрып:

– Қайырбек, маған екі шөлмек арақ әкеліп, қоржыныма салып берші, – деп өтініш жасады.

– Арақ ішпейсіз ғой, оны қайтесіз? – деп Қайырбек таңданды.

– «АҚҚҰС»-тың қоймасында отыз жәшік арақ тұр емес пе? – деп мен ұсыныс айттым.

– Сенің қисық шөлмегіңді шетелге апарғаным ұят болар, – деп күлді Орекең. – Ішпесем де, қоржынымда жүрсін. Қолымды жуамын. Мен өзі иіс-қоңысты жаратпаушы едім. Үндістанда қысы-жазы ауа ауыспаған соң иіс болатын шығар... Қайырбек «Балалар әлемі» дүкені жағынан тез оралды да, бізбен қол алысып қоштасқан Орекең көлігіне мініп, жүріп кетті.

Оралхан Бөкеев Делиде мамырдың 17-сі күні қайтыс болыпты. «Агра қаласына сапарлап барып, Тәж-Маһалды тамашалап, қайтар жолда әзіл-қалжың айтысып, көңілді болып еді» дейді көргендер. Өкпесінің ілесі бар еді, 56 градус ыстыққа шыдас бермеген тәрізді. «Сорқудықтың басына сорға бола қонды әкем» демекші, осы сапарға бармай-ақ қойшы деген сөзімді қабыл алса, әлдеқалай болар еді деп ойлаймын да жүремін.

Оралханмен айнымасқа, айырылмасқа табысқанымды білуші едім. Бірақ дәл осылай жылдам қоштасамыз деп ойламаппын. Көзімнің жасы сорғалап жүріп жоқтау жаздым. Жиырма шумақтан астам сол жоқтау Оралханның мәйітін Мүсірепов театрынан алып шығарда айтылып тұрды. Біздің шешелеріміз, жеңгелеріміз боздақтарын солай жоқтаушы еді. Жоқтау үстінде іштегі шер-шеменін, қайғы-зарын сарқып айтып, мауқын басатын. Мауқымды басқан сол жоқтаудың мәтінін де сақтап қалмаппын.

Оралхан үздіге жырлап өткен Шыңғыстайға, Мұзтауға, Қатонқарағайға өзі өмірден өткен соң оншақты жылдан кейін ғана жолым түсті. Оралханның ауылы, үйі, Оралханның мектебі, мұражайы деген түсініктер пайда болыпты. Оралханның жерлестері Оралханның атын айтып мақтануды үйреніпті. Тоба!

Маралшылардың тау басындағы «Верхотур» деген қосынан таң алдында төмен түсіп келе жатып, жолдан адастым-ау деген күдік көңіліме кірді. Сиырын өріске шығарып жүрген жігіт ағасы жол жиегінде тұр екен. Жөн сұрасам:

– Жол сілтей алмаймын. Осы жасқа келгенше мына Большенарымнан арғы жаққа аяқ басып көрген жоқпын, – деп шынын айтты.

Жан-жағын шыршалы-самырсынды, таулар қоршаған, адамдары томаға-тұйық ауылдан шыққан Орекең қалай алысқа ұзап кеткен! Қандай биіктерге шығып кеткен?

Сол биіктен, Оралханның биігінен төменге қарасаң – басың айналады.

Жүрсін ЕРМАН